

ҚазБСҚА-да BIM DAY KAZGOR

2019 жылдың 10 қазанында KAZGOR Жобалау Академиясы ҚазБСҚА қабырғасында BIM саласындағы болашақ мамандардың білім сапасын арттыруға арналған BIG DAY KAZGOR бірегей іс-шарасын ұйымдастырды.



Жоба Академиясының Президенті Айдар Әбдісағитұлы Татығұлов іс-шараны бейне сәлемдемемен ашып, осындай іс-шаралардың жас жобалаушылардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту және арттыру үшін маңыздылығын атап өтті.

BIG DAY-ге 120 – дан астам адам қатысты, оның ішінде 2-5 курс студенттері және ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамы болды.

Жетекші сәулетшілер, BIM-менеджерлер және KAZGOR ЖА жобаларын басқару жөніндегі мамандар аудиториямен практикалық білімдермен бөлісіп, болашақ әріптестеріне мансапты сәтті бастауға көмектесетін маңызды сұрақтарға жауап берді.



Іс-шара барысында қатысушылар 12 дәріс тыңдады, оның ішінде: "BIM даму тарихы. BIM туралы ең бастысы", "BIM-мамандарға қойылатын негізгі талаптар", "Nitech мектебі үлгісінде BIM-ортадағы (Revit бойынша) жобалау процесі", "BIM және жобалық менеджмент – құрылыс индустриясының жобаларын тиімді іске асырудың негізгі аспектілері", "BIM жобалаудағы экологиялық аспектілер", "Жобалаудағы визуалды бағдарламалау", "Жас сәулетшілерге арналған пайдалы лайфхактар", "Қайта құру - Battersea Power Station", "Ұлыбританиядағы BIM".

"BIM+ зертханасы" Технологиялық даму орталығының директоры Мария Широкова шақырылған қонақ ретінде "Жалпы мәліметтер ортасы: BIM технологиясының базалық компоненті", "Sydney Opera House: ғимараттарды қайта құру және пайдалану үшін BIM қолдану тәжірибесі" тақырыбында өзекті және қызықты ақпаратты ұсынды.

Іс-шара соңында KAZGOR ЖА-да мини-тағылымдамаларға сертификаттар ойнатылып, түрлі сыйлықтар табыс етілді. Іс-шара қорытындысы бойынша сертификаттар беріліп, плакаттар мен бейнеролик шығарылды.



BIM DAY жоғары деңгейде өтті, оған оқытушылар мен студенттердің көптеген пікірлері дәлел. ҚазБСҚА өкілдері KAZGOR ЖА қызметкерлерінің қатысуымен осындай форматтағы іс-шараларды жыл сайын өткізуді ұсынды.

Біз жоғары оқу орны студенттерінің BIM тақырыбына қызығушылық танытқанына, олардың BIG DAY-ге белсенді қатысқанына, ондаған сұрақтар қойып және оң кері байланыстың жасалғанына қуаныштымыз.

**Ельдана Кумарова,
Ұйымдастырушылық даму жөніндегі менеджер,
KAZGOR Жобалау Академиясы**